

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 23.04.2014 № 199-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

ҚР 1997.06.19 N 134 Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгертулер 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне кіреді.

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - VIII" деген цифрлар тиісінше "1 - 8" деген цифрлармен ауыстырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), актінің нысаны және тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, кіріспе жаңа редакцияда, мәтіндегі сөздер ауыстырылды, тараулардағы "I-VIII" деген цифрлар тиісінше "1-8" деген цифрлармен ауыстырылды - 2004.12.29 N 26 Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "оқу орындары", "оқу орындарының", "оқу орындарынан", "оқу орындарына", "оқу орнын", "оқу орнына", "оқу орнында" деген сөздер тиісінше "білім беру ұйымдары", "білім беру ұйымдарының", "білім беру ұйымдарынан", "білім беру ұйымдарына", "білім беру ұйымын", "білім беру ұйымына", "білім беру ұйымында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2008.07.05 N 63-IV Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мәртебесін, құрылымын, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

1 Тарау

Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мәртебесі

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары (бұдан әрі – ішкі істер органдары) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтауды, алдын ала тергеуді және жедел-ізвестіру қызметін, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу

жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар болып табылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Ішкі істер органдарының міндеттері

1. Ішкі істер органдарының міндеттері:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе соғыс жағдайы ахуалында қамтамасыз ету;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, сондай-ақ қылмыскерлерді іздестіру ;

3) құқық бұзушылық профилактикасы;

4) заңнамада белгіленген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

5) қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауларды орындау;

6) сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінде және әкімшілік жолмен қамауға алынғандарды ұстау орындарында заңдылықты, құқық тәртібін қамтамасыз ету және ұстау режимін сақтап тұру;

7) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесіндегі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

8) сотталған адамдардың түзелуін ұйымдастыру;

9) мемлекеттік және өзге объектілерді, жеке тұлғаларды күзету, қамауға алынған және сотталған адамдарды алып жүру, кепілге алынған адамдарды босатуға қатысу;

10) қажет болған жағдайларда мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жәрдем көрсету;

11) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік бақылау;

12) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылау;

13) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдардың айналымы саласында жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылау;

14) күзет қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, орнатуды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін мемлекеттік бақылау;

15) мемлекеттік және өзге де объектілерді күзету, қамауға алынған және сотталған адамдарды айдап апару, кепілге алынған адамдарды босатуға қатысу;

16) виза жұмысын жүргізу, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу қағидаларын сақтауын бақылау;

17) Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәліктер мен паспорттар құжаттамалауды, дайындауды және беруді жүзеге асыру;

18) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен азаматтарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асыру;

18-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеуді және есепке алуды жүзеге асыру;

19) босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру;

20) соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындау;

21) өзге мемлекеттік органдармен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитариялық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына браконьерлікке қарсы күресуде жәрдем көрсету;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;

23) Қазақстан Республикасының айрықша маңызды және айрықша режимді объектілерінде, аумақтарында режимдік және күзет шараларын жүзеге асыру;

24) ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

25) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

26) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану құқығымен терроризмге қарсы операция жүргізуге және терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимін қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.

2. Өзге міндеттер ішкі істер органдарына тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307, 2001.07.16 N 244, 2004.12.29 N 25, 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV, 2010.04.29 № 272-IV, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі), 2013.01.08 N 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)

Заңдарымен.

3-бап. Ішкі істер органдары қызметінің принциптері

Ішкі істер органдарының қызметі заңдылық, дара басшылық, ішкі істер органдары жүйесінің бірлігі, жариялылық, құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау принциптеріне негізделіп құрылады.

4-бап. Ішкі істер органдарының жүйесі

Ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Ішкі істер министрлігі), оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі оған бағынатын ішкі істер департаменттері, қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, кенттік, желілік ішкі істер органдары және қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелері, ішкі әскерлер, білім беру ұйымдары, мекемелер және өзге де ұйымдар құрайды.

Ішкі істер органдарының құрамында криминалдық полиция, әкімшілік полиция және полицияның өзге де қызметтері, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери құрылымдар мәртебесі бар әскери-тергеу органдары мен әскери полициясы құрылады.

Криминалдық, әкімшілік және өзге де полиция қызметтерінің бөлімшелерін, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің әскери-тергеу органдары мен әскери полициясын құруды, қайта құруды және таратуды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі жүзеге асырады.

Ішкі істер органдары жүйесінің штат саны лимитін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 1998.12.09 N 307 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.04.05 N 360, 2001.07.16 N 244, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2004.12.29 N 25, 2004.12.29 N 26, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңдарымен.

4-1-бап. Криминалдық полиция

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері қылмыстарды анықтау, оның алдын алу, жолын кесу, оны ашу және тергеу, ішкі істер органдарының жүргізуіне жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтама ісін жүргізу, тергеуден, анықтамадан және соттан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен және Қазақстан Республикасының

заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Криминалдық полицияны жедел-іздестіру, тергеу, ғылыми-техникалық және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынатын, оның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Ескерту. 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 1998.12.09 N 307, өзгерту енгізілді - 2008.07.05 N 63-IV Заңдарымен.

4-2-бап. Әкімшілік полиция

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және қамауға алынған адамдар, оның ішінде белгілі бір тұратын жері, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын жерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау және бақылау жасау, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген лицензиялау мен рұқсат ету қызметін жүзеге асыру болып табылады.

Әкімшілік полицияны полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, лицензиялық және рұқсат ету жүйесі, табиғат қорғау және ветеринариялық, көші-қон және жол полициясы бөлімшелері, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және әкімшілік полицияның алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелер құрайды.

Ескерту. 4-2-баппен толықтырылды - ҚР 1998.12.09 N 307, өзгерту енгізілді - 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.29 N 25, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-3-бап. Әскери-тергеу органдары

Әскери-тергеу органдарының негізгі міндеттері әскери қылмыстарды және әскери қызметшілер жасаған, ішкі істер органдары тергеуге тиісті қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу болып табылады.

Әскери-тергеу органдарын әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-іздестіру, жедел-техникалық және өздерінің

алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын бөлімдер құрайды.

Әскери-тергеу органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының барлық құқықтарын пайдаланып, солардың міндеттерін атқарады.

Әскери-тергеу органдары Қарулы Күштер есебінен қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 4-3-баппен толықтырылды - ҚР 1998.12.09 N 307, өзгеріс енгізілді - 2004.12.29 N 26 Заңдарымен.

4-4-бап. Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы арнаулы орган болып табылады және ішкі әскерлердегі құқық тәртібін қамтамасыз етуге, әскери қылмыстар бойынша, сондай-ақ ішкі әскерлердің әскери қызметшілері жасаған басқа да қылмыстар бойынша анықтаманы жүзеге асыруға, олардың арасындағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге, әскери қылмыстарды ашуға, ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін іздестіруге арналған.

Ішкі істер министрлігінің әскери полициясы бұған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді өз құзыреті шегінде орындау үшін ішкі істер органдарының өкілеттігін пайдаланады. Бұл орайда әскери қызметшілердің және әскери қалашықтар, ішкі әскерлердің әскери бөлімдері мен құрамалары бөлімшелерінің аумағында жүрген өзге де адамдардың құжаттарын тексеруді жүзеге асыруға құқығы бар.

Әскери полиция Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері есебінен қызметтік үй-жайлармен, автокөлікпен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етіледі, оларды пайдалану мен ұстау шығындарын да солар көтереді.

Әскери полицияның әскери қызметшілері әскери атақтарына сәйкес айырым белгілері бар әскери нысандағы киім киіп жүреді. Бұл орайда киімнің әскери полицияның белгіленген үлгідегі кеудеге, жеңге тағатын арнаулы айырым белгілерімен толықтырылуы мүмкін.

Ескерту. 4-4-баппен толықтырылды - ҚР 1998.12.09 N 307 Заңымен.

4-5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету тәртібін белгілейді;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтап қою, сақтау және алып жүру, есепке алу, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін белгілейді;

3) азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін белгілейді;

4) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалану тәртібін белгілейді;

5) атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеу тәртібін белгілейді;

6) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру тәртібін белгілейді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 4-5-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Ішкі істер министрлігі

1. Ішкі істер министрлігі ішкі істер органдарының біртұтас жүйесін басқаратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

2. Ішкі істер министрлігінің жалауы, туы және рәмізі болады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарының туы болады.

Ішкі істер министрлігі жалауының, туының және рәмізінің, оған бағынатын органдар туларының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 1998.12.09 N 307, өзгеріс енгізілді - 2004.12.29 N 26 Заңдарымен.

5-1-бап. Ішкі істер министрлігінің және оның аумақтық органдарының құзыреті

1. Ішкі істер министрлігі:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) криминалдық, әкімшілік полициясы және ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің, ішкі әскерлердің, әскери-тергеу органдарының, әскери, арнаулы полицияның және көліктегі ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) ішкі істер органдары жүйесінде бірыңғай мемлекеттік кадр саясатының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

5) халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды;

6) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлейді;

7) Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық актілері мен нормативтік құжаттарын әзірлейді және бекітеді;

7-1) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

7-2) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

8) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

9) ішкі істер органдарында іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында құпиялылық режимінің сақталуына ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;

11) криминалдық, әкімшілік полициясының және полицияның өзге де қызметтерінің, сондай-ақ ішкі әскерлердің, әскери полиция мен әскери-тергеу органдарының, арнаулы полицияның, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

12) ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы

бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

13) ішкі істер органдарының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге құқығы бар бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

15) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) полиция органдары бөлімшелерінің режимдік және ерекше қорғалатын объектілердегі қызметін қамтамасыз етеді;

17) авариялардың, өрттің, апатты жағдайлардың зардаптарын жою кезінде және басқа да төтенше жағдайларда қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

18) арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастырады;

19) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдар өмірінің, денсаулығының, абыройы мен беделінің және мүлкінің қорғалуын бақылауды жүзеге асырады;

20) жергілікті ішкі істер органдары, ішкі әскерлер басшыларының және ұйымдар басшыларының кәсіби біліктілігіне аттестаттау жүргізеді;

21) лауазымдар санаттары бойынша үлгілік біліктілік талаптарын, ішкі істер органдарының номенклатурасын, олардың қызметі туралы ережелерді, лауазымдар мен мамандықтар номенклатурасын, ішкі істер органдарының құрылымын, үлгі штаты мен штаттық нормативтерін, жүктелім көлемінің нормативтерін әзірлеп, бекітеді және ішкі істер органдары қызметкерлері мен қызметшілерінің деңгейін айқындайды;

22) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрларды даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды ұйымдастырады;

23) ведомстволық ғылымды дамытуды қамтамасыз етеді және қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы ғылыми қызметті үйлестіреді;

24) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласындағы республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

25) ішкі істер органдарын қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

26) ішкі істер органдары жүйесін жарактандыруды қамтамасыз етеді;

27) іздестіру, тергеу және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де іс жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушілердің, алдын ала жауап алушылардың жазбаша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

28) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын үйлестіреді, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін әзірлейді, оларды пайдаланатын, оның ішінде сенімхат бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу, жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру тәртібін айқындайды, көлік құралдарының жекелеген түрлерін жол жүрісіне қатысуға жіберуді жүргізеді және оларды жүргізу құқығын береді;

29) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында, сондай-ақ ішкі істер органдарының қарауына жататын өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

30) режимдік, ерекше қорғалатын объектілерді және мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді қамтамасыз етеді;

30-1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар күзететін Қазақстан Республикасының объектілерін қоспағанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін және олардың басшыларының "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды орындауын бақылайды;

30-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын әзірлейді;

31) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

32) ішкі істер органдары жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады ;

33) соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда министрліктің мүддесін қорғауды және жергілікті жерлерде осы жұмысты үйлестіруді қамтамасыз етеді;

34) сол министрліктің ішкі әскерлерінің қамауға алынғандар мен сотталғандарды күзетуін және айдап алып жүруін бақылауды жүзеге асырады;

35) ішкі істер органдары арнаулы мекемелерінің қызметін ұйымдастыруды және бақылауды, сондай-ақ айдап алып жүруді жүзеге асырады;

36) Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасының сақталуын ведомстволық бақылауды және азаматтық мәселелері бойынша жұмысты ұйымдастырады;

36-1) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және тоқтату рәсімдерін, пана іздеген адамның куәлігін беруді жүзеге асырады;

36-2) босқын мәртебесін беру туралы өтінішхатты тіркеу мен қарау тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекітеді;

36-3) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

37) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысады, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

38) күзет қызметі саласында, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жеке және Заңды тұлғалардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді;

39) кандидатураны әкімшілік учаске халқымен жариялы түрде талқылау ескеріліп, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау тәртібін айқындайды;

40) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және көліктегі ішкі істер органдары:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;

3) криминалдық, әкімшілік полициясы мен ішкі істер органдарының өзге де қызметтерінің қызметін бақылауды, сондай-ақ ішкі әскерлер бөлімдерін, бөлімшелерін жедел басқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру жөнінде шаралар қолданады және қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық құжаттардың орындалуын қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

5) ішкі істер органдарының бөлімшелерін кадрлармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

6) ішкі істер органдары бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерін аттестаттаудан өткізеді;

7) өз қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

8) ішкі істер органдарының бөлімшелерін жарақтандыруды қамтамасыз етеді;

9) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласында өңірлік ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуды қамтамасыз етеді, құқықтық тәртіптің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

11) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жұмылдыру даярлығы бойынша, бейбіт уақытта төтенше жағдайлар туындаған кезде және соғыс уақытында олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдары арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты даярлығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларын орындалуын қамтамасыз етеді;

12) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша қоғамдық бірлестіктермен, ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды;

13) мемлекеттік қорғауға жататын объектілерді күзетуді, күзет қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждауды, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын субъектілердің қызметін бақылауды қамтамасыз етеді;

14) өңірдегі қылмыстың алдын алу мен оған қарсы күрестің жай-күйі туралы тұрғын халықты хабардар етеді;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмысты ашуды және тергеуді, сондай-ақ алдын ала жауап алу, тергеу және сот органдарынан жасырынып, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарып жүрген адамдарды, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

16-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен:

мыналарға:

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға;

заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар;

мыналарға:

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге;

заңды тұлғаларға:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистік талаптарға сәйкестігіне;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге қорытындылар;

мыналарға:

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға;

заңды тұлғаларға:

жарылғыш материалдарды сатып алуға, сақтауға;

азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды сақтауға;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар береді;

17) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасының және ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша рұқсаттардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) тікелей облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) басқару деңгейіне жататын бөлімшелердің күшімен тиісті әкімшілік бірлік аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) жол қозғалысы ережелері мен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын өзге де нормативтердің сақталуын, көлік құралдары иелерінің мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өтуін бақылауды жүзеге асырады, оларды мемлекеттік тіркеу және есепке алу арқылы жол қозғалысына қатысуға жібереді, көліктерді пайдаланушы адамдарды, соның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есепке алады, емтихан қабылдайды және көлік құралдарын басқару құқығына арналған куәліктер береді, жол қозғалысын реттейді;

20) ішкі істер органдары ұстаған, қамауға алған адамдарды айдап алып жүруді қамтамасыз етеді;

21) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, әкімшілік қамауға алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарының, белгілі тұрғылықты орны және құжаттары жоқ адамдарға арналған арнаулы қабылдау-бөлу орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін және оларға бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

22) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

23) қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады;

24) халықаралық шарттар негізінде ішкі істер органдарының қарауына жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) заңсыз көші-қонның алдын алу, азаматтық, көшіп кету, көшіп келу, шетелдіктермен жұмыс мәселелерін қарау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

26) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ішкі істер органдары:

1) қылмыстарды анықтайды, олардың алдын алады, жолын кеседі, ашады және тергейді, ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды жүзеге асырады, қылмыстық қудалау органдарынан жасырынған, қылмыстық жазаны атқарудан және өтеуден жалтарған, хабарсыз кеткен адамдарды және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда адамдарды іздестіруді ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды, олардың алдын алу мен жолын кесуді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыретінің шегінде әкімшілік іс жүргізуді, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтарды анықтауды және оның жолын кесуді, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жасауды, шетелдіктермен және азаматтыққа қабылдау және одан шығу, шетелге тұрғылықты тұру үшін кету туралы өтініш берген адамдармен жұмысты жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген өзге де міндеттерді шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

4) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар мен рұқсаттар беру ережелерін сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) қылмыс жасады деп сезік туғызған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдап алынған адамдарды заңға сәйкес қамау және ұстау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

6) ұсталғандарды және қамалғандарды айдап апаруды жүзеге асырады;

7) уақытша ұстау оқшау бөлмелерінің, қабылдау-бөлу орындарының, арнаулы қабылдау орындарының, қызмет жануарларына арналған питомниктердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

8) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) кадрларды іріктеуді, орналастыруды жүзеге асырады, аттестаттау жүргізеді, көтермелейді, жазалайды, сондай-ақ өз құзыреті шегінде жұмылдыру даярлығы мен азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындайды;

10) мемлекеттік күзетке жататын объектілерді күзетуді жүзеге асырады;

11) қорғау нұсқамасын шығарады;

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), өзгерістер енгізілді - 2008.07.05 N 63-IV, 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2010.04.29 № 272-IV, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 N 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.12.2013 № 153-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-2-бап. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі

1. Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) – қылмыстық жазалардың атқарылуын және тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстауды қамтамасыз ету бойынша атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың жүйесі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің құрылымын:

1) уәкілетті орган (орталық атқарушы органның ведомствосы);

2) қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органдары;

3) жазаларды атқаратын мекемелер мен органдар:

құрылымында пробация қызметтері жұмыс істейтін қылмыстық-атқару инспекциялары;

түзеу мекемелері;

4) тергеу изоляторлары;

5) ғылыми-зерттеу, емдеу-профилактикалық ұйымдары мен білім беру ұйымдары;

б) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыруға және сотталған адамдарды еңбекке тартуға арналған ұйымдар мен олардың құрылымдық бөлімшелері құрайды.

3. Қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің персоналын:

1) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлері;

2) қылмыстық-атқару жүйесінде лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер;

3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерімен және органдарымен еңбек қатынасында тұратын қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыскерлері құрайды.

4. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының, мекемелері әкімшіліктерінің және олардың лауазымды адамдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Ескерту. Заң 5-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.15 N 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-3-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдарының функциялары

1. Қылмыстық-атқару қызметі саласында Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мынадай:

1) соттардың сотталған адамдарға қатысты үкімдерін, қаулылары мен ұйғарымдарын орындау, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазаны өтеудің заңнамада белгіленген тәртібі мен шарттарының сақталуын қамтамасыз ету;

2) күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстау;

3) соттардың үкімдеріне, қаулылары мен ұйғарымдарына сәйкес сотталған адамдарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне орналастыруды ұйымдастыру;

4) сотталған адамдарға түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастыру;

5) сотталған адамдардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің органдарын, сотталған әйелдердің, кәмелетке толмағандардың жазасын өтеуіне арналған түзеу мекемелерін, түрмелерді және тергеу изоляторларын күзету;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріндегі шұғыл жағдайды бақылау, персоналдың, күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айдап апару;

8) сотталған адамдарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, рақымшылық және кешірім жасау актілерін атқару, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының сотталған адамдардың түзелу нәтижелерін нығайту, оларды еңбекке орналастыру және тұрмыстық жайластыру жөнінде басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) жедел-ізвестіру қызметін және анықтауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

10) сотталған адамдардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

12) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне тарту;

14) персоналдың кәсіби даярлығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық-атқару қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру функцияларын жүзеге асырады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелері негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Қылмыстық-атқару жүйесі мемлекеттік мекемелерінің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне соларда ұсталатын күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталған адамдардың заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру кезінде азық-түлік өнімдерін, алғашқы қажеттілік заттарын, киім-кешек, аяқ киім, газеттер, журналдар, әдебиет, дәрі-дәрмектер және қосымша емдік-профилактикалық көмек көрсету үшін медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды қосымша сатып алуға, ұзақ мерзімді кездесулер ұсынуға және қосымша емдеу-профилактикалық және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өзге де қызметтер көрсетуге, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылар үшін қосымша ақылы тұрмыстық қызметтер жасауға ұсынылатын жұмыс пен көрсетілетін қызметтер жатады.

Ескерту. Заң 5-3-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

1. Ішкі істер министрлігін Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі басқарады.

2. Ішкі істер министрі:

1) ішкі істер органдарына басшылықты жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдары жүйесінің құрылымы мен штат санын белгілейді;

3) ішкі істер органдары жүйесінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін белгілейді;

3-1) Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы қызметіне тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне кандидатура ұсынады;

4) Ішкі істер министрлігінің атынан ішкі істер органдары орындауға міндетті актілер, сондай-ақ өз құзыреті шегінде өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті актілер шығарады;

5) <*>

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307, 1999.04.05 N 360, 2001.06.11 N 208, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2009.04.29 N

154-IV, 2013.01.15 N 69-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-1-бап. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-1) қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі ережемен регламенттеледі.

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен лимиттер шегінде облыстық бюджеттер және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттері есебінен қамтылатын әкімшілік полицияның штат санын ұстауды қамтамасыз етеді;

4) жанар-жағармай материалдарын сатып алуды, сондай-ақ аумақтық ішкі істер органдарының коммуналдық қызмет көрсетуге, электр энергиясына, жылу беруге және байланыс қызметіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды қоса алғанда, аумақтық органдар аппараттарына электрондық почта қызметін көрсетуге жұмсалатын шығындарды қоспағанда, қызметтік үй-жайлары мен көлік құралдарын ұстауды, оларға қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етеді;

5) учаскелік полиция инспекторларын олар қызмет көрсететін учаскелерде жиһазбен, байланыс құралдарымен жабдықталған жұмысқа арналған үй-жаймен, сондай-ақ көлік құралдарымен қамтамасыз етеді;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың деңгейінде спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға шектеу қояды;

7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімшілік учаске халқының пікірін ескере отырып, учаскелік полиция инспекторларын тағайындау үшін ішкі істер органдарымен бірлесіп, жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) ұйымдастырады;

2-1) қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құрады.

Консультативтік-кеңесші органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгі ережемен регламенттеледі.

3) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деңгейінде спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерде шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға шектеу қояды;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне орай Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Ішкі істер органдары лауазымды адамдарының ішкі әскерлермен өзара іс-қимылы

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің бастықтары тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумақтарында орналасқан ішкі әскерлер бөлімшелерінің, бөлімдері мен құрамаларының командирлеріне қатысты, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ішкі істер департаменттерінің құрылымына кірмейтін өзге де ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің басшыларына қатысты, ал төтенше жағдайлар кезінде - оларға берілген барлық күштер үшін аға оперативтік бастықтар болып табылады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.29 N 26 Заңымен.

8-бап. Ішкі істер органдарының өзге де мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, лауазымды адамдармен және азаматтармен өзара іс-қимылы

1. Ішкі істер органдары:

1) өзге құқық қорғау органдарымен, соның ішінде анықтама мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдармен;

2) қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде халықпен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

2. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, қоғамдық тәртіпті сақтауда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуда, анықтауда, жолын кесуде, ашуда және тергеуде ішкі істер органдарына жәрдем жасауға міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1998.12.09 N 307 Заңымен.

9-бап. Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізі

1. Ішкі істер органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.29 N 26 Заңымен.

2 Тарау

Ішкі істер органдарының өкілеттігі

10-бап. Ішкі істер органдарының міндеттері

1. Ішкі істер органдары алдарына қойылған міндеттерге сәйкес және өздерінің құзыреті шегінде:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қол сұғудан қорғауға;

2) қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, соның ішінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың жәрдемімен, ұйымдар мен азаматтардың ерікті қатысуымен қорғауға және қамтамасыз етуге;

3) қылмыстың алдын алуға, анықтауға, жолын кесуге және ашуға;

4) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге;

4-1) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдар мен олардың аумағындағы, сондай-ақ оған іргелес аумақтағы азаматтардың жүріс-тұрысын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

4-2) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен және сот үкімімен оларға жүктелген міндеттерді орындауын талап етуге;

4-3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарды тіркеуді, сондай-ақ оларды дактилоскопиялауды, суретке түсіруді, олардың бейне түсірілімін, дыбыс жазбасын жүзеге асыруға;

4-4) сотталған адамдарды жүргізілетін тәрбиелеу іс-шараларына міндетті түрде қатысуға тартуға;

4-5) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға алкогольдік ішімдіктерді, уытты, есірткі және психотроптық заттар пайдалану фактілерін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес куәландыру жүргізуге;

4-6) қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасады деп күдік келтірілген адамдарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне іргелес аумақта ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге, оларды жеке тексеруді жүзеге асыруға;

5) "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстардың алдын алуға, анықтауға және ашуға, ішкі істер органдары жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында заңнамада белгіленген режимді сақтап тұруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте жедел-ізвестіру іс-шараларын жүзеге асыруға құқығы бар ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерінің тізбесін Ішкі істер министрі белгілейді;

б) алдын ала тергеуді жүзеге асыруға, анықтама жүргізуге;

7) әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

7-1) қылмыстық-атқару жүйесінде төтенше оқиға жағдайларына қызметтік тексерістер жүргізуге, олардың себептерін анықтауға және талдауға, мұндай жағдайларды болдырмау бойынша шаралар қолдануға;

8) қылмыстық процеске қатысушылар мен өзге де адамдардың өмірін, денсаулығын, ар-намысын, қадір-қасиетін және мүлкін қорғау жөнінде заңдарда көзделген шараларды қолдануға;

9) қылмыс жасаған, бірақ анықтамадан, тергеуден және соттан бой тасалаған, қылмыстық немесе әкімшілік жазаларын атқарудан және өтеуден жалтарған, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен адамдарды іздестіруді жүзеге асыруға және заңмен көзделген өзге де жағдайларға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлерді және ұрланған мүлікті іздеуді жүзеге асыруға;

10) заңдарда белгіленген тәртіппен жедел-іздігі және тосқауыл қою шараларын, қылмыс жасаған адамдарды ұстау жөніндегі операцияларды жүргізуді жүзеге асыруға, сондай-ақ өзге де құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға оларды жүргізуде және жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

11) іздестіру, тергеу және өзге де заңмен көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу кезінде соттардың ұйғарымдарын, судьялардың қаулыларын, прокурордың, тергеушінің және анықтамашының жазбаша тапсырмаларын орындауға;

11-1) атқарушылық іс жүргізу органдарына орындау құжаттарын мәжбүрлеп орындатуда көмек көрсетуге;

12) қылмыстық жазалар мен әкімшілік жазалауларды атқаруға, сотталғандардың, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынғандардың еңбекпен қамтылуын қамтамасыз етуге;

12-1) прокурордың азаматтар мен лауазымды адамдарды мәжбүрлеп жеткізу (күштеп әкелу) туралы қаулыларын орындауға, сондай-ақ прокурордың өз құзыреті шегінде шығарған өзге де жазбаша тапсырмалары мен талаптарын орындауға;

13) халықты құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, құқық тәртібінің жай-күйі мен ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделеуге;

14) авария, өрт, дүлей апат және басқа төтенше жағдайлар зардаптарын жою кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

14-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын әзірлеуге;

15) құқыққа қайшы қол сұғудан, жазатайым және оқыс оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті дәрменсіз немесе өзге де күйдегі азаматтарға көмек көрсетуге;

16) заңдарға сәйкес төтенше немесе әскери жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысуға, соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумақтық қорғаныс жүйесінде жекелеген міндеттерді орындауға;

17) ішкі істер органдарының қорғаныстық-жұмылдыру даярлығын, бейбіт кезең мен соғыс уақыты жағдайында төтенше ахуалдар туындаған кезде олардың жұмысының тұрақтылығын арттыру, Ішкі істер министрлігі арнаулы бөлімшелерінің толық және дер кезінде жұмылдыруға тұрақты әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға;

18) жол жүрісі ережелерінің және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты өзге де нормативтердің сақталуын және механикалық көлік құралдары және олардың тіркемелері иелерінің міндетті техникалық байқаудан уақтылы

өтуін бақылауды жүзеге асыруға; мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін айқындауға, сондай-ақ жеңіл, жүк автомобильдерін және олардың базасында жасалған арнаулы автомобильдерді қоса алғанда, автобустарды, троллейбустарды мотоциклдер мен мотороллерлерді, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеуді және есепке алуды жүргізуге, оларды пайдаланушы, оның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеуді және есепке алуды жүргізуге, оларды жүргізу және троллейбустар мен трамвайларды жүргізу құқығына емтихан қабылдауға және куәлік беруге, жол жүрісін реттеуге;

19) мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына меншіктің барлық нысандарындағы объектілерде өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылау жасауды жүзеге асыруда жәрдем көрсетуге;

20) қару мен оқ-дәрілердің (жауынгерлік оқ-дәрілерді қоспағанда) сатып алынуына, сақталуына, оларды тасымалдауға, алып жүруге, әкелуге, әкетуге және пайдалануға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, қару мен оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттардың, прекурсорлардың айналымының және олардың жұмыс істеуінің белгіленген қағидаларының сақталуын бақылауға; көрсетілген заттар, нәрселер, материалдар тұрған үй-жайларды әкімшіліктің қатысуымен тексеріп-қарауға; қаруды есепке алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда алып қоюға; азаматтардың қолындағы қаруды, оқ-дәрілерді және оларды қолдану қағидаларының сақталуын бақылау мақсатында олар сақталатын орындарды тексеріп-қарауға; қару мен оқ-дәрілерді сақтау және пайдалану қағидалары бұзылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда ұйымдар мен азаматтардан оларды алып қою туралы мәселе қоюға;

21) заңдарға сәйкес ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялар және рұқсаттар беруді жүзеге асыруға;

22) мемлекеттік маңызы бар объектілер мен түзеу мекемелерін күзетуді қамтамасыз етуге; ұйымдарды күзетудің жай-күйін бақылауға;

23) жаппай тәртіпсіздіктерді, соның ішінде түзеу мекемелеріндегі жаппай тәртіпсіздіктерді тыюға, әскери қарауылдардың күзетуінен қашқан сотталғандарды іздестіруді жүзеге асыруға қатысуға;

24) ұсталғандарды, қамауға алынғандар мен сотталған адамдарды күзетуге және айдап апаруға;

25) азаматтар мен лауазымды тұлғалардың шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген келу, кету, болу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитті өту ережелерін сақтауын бақылауға;

25-1) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-2) босқындар мәселелері жөніндегі жұмысты үйлестіруге;

25-3) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-4) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26) арнаулы және әскери тасымалдарды ұйымдастыруға;

27) карантиндік, санитарлық және экологиялық іс-шараларды, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде өткізуге қатысуға;

28) денсаулық сақтау мекемелеріне шақыру бойынша келуден жалтарған алкогольизм, нашақорлық, уытқұмарлық, жыныс ауруларына шалдыққан немесе иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарды олардың ұсыныстары бойынша айдап алып келуді жүзеге асыруға;

29) иесіз қалған мүлік пен қазыналардың тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қарауына берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шұғыл шаралар қолдануға; табылған және ішкі істер органдарына тапсырылған құжаттардың, заттардың, құндылықтардың және басқа мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды меншік иелеріне қайтару не белгіленген тәртіппен сату жөнінде шаралар қолдануға;

30) шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттары негізінде ынтымақтастық жасауға;

30-1) кәмелетке толмағандардың арасында қылмыскерліктің алдын-алу мақсатында: бас бостандығынан айыру орындары мен жабық үлгідегі арнаулы білім беру ұйымдарынан босатылғандардың; қылмыс жасаған кезінде заңға сәйкес жасы толған соң қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін жасқа толмағандардың; спиртті ішімдіктерді, есірткілік құралдар мен уытты заттарды қолданатындардың; әкімшілік жазалау шараларын қолдану көзделген өзге де құқық бұзушылықтар жасағандардың есебін жүргізуге және оларға ықпал ету шараларын қолдануға;

30-2) азаматтық материалдарын ресімдеуді қамтамасыз етуге;

30-3) заңды тұлғалардың шетелдік жұмыс күшін тарту, шетелдіктердің елде болуына рұқсат беру ережелерін сақтауына қатысты қызметін бақылауға,

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың шет елге шығуын және шетелдіктерді тұрғылықты тұруға қалдыруды шектеу туралы шешім қабылдауға;

30-4) кез келген жасалған немесе әзірленіп жатқан, соның ішінде өздерінің қарауына жатпайтын құқыққа қарсы қастық жасау туралы арыздар мен хабарламаларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде уақтылы шаралар қолдануға; қылмыс жасады деген сезік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ оларға қатысты бұлтартпау шарасы ретінде әкімшілік қамауға алу тандап алынған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін уақытша ұстау оқшаулау бөлмелері болуға;

30-5) құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және алдын алу ықпалы жасалуға тиіс адамдарды, қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат жүйелерін құруға және пайдалануға; есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға;

30-6) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстауға міндетті.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

30-7) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;

30-8) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мас күйде жүрген не айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды - олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша медициналық ұйымдарға жеткізуге;

31) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы саласындағы қызмет түрлерін лицензиялауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылауға және жүзеге асыруға;

32) есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласына келіп түсетін техникалық көмек пен инвестициялардың нысаналы пайдаланылуын өз құзыреті шегінде бақылауға;

33) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;

34) Қазақстан Республикасындағы нашақорлық ахуалдың жай-күйі мен даму үрдісін талдауды жүзеге асыруға;

35) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік комиссиялардың қызметін үйлестіріп отыруға;

36) нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек ұйымдастыруда денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарына жәрдем көрсетуге және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге;

37) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

38) есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласындағы заңдардың қолданылу іс-тәжірибесін талдап, қорытуға және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және енгізуге;

39) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесе отырып есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласында жұмыс істеу үшін мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдаланатын және пайдалануға бейім адамдардың профилактикасы, оларды емдеуді, әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға және үйлестіруге;

40) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, есірткі құралдары, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет жасау саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіруге;

41) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді ұсынуға;

41-1) оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның сұрау салулары бойынша заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған немесе оларға қатысты оңалту рәсімі қолданылған борышкерлерге қатысты меншікке қарсы қылмыстар бойынша қозғалған, іс жүргізуде жатқан қылмыстық істер бойынша мәліметтерді ұсынуға;

42) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

2. Қызметкерлер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда ішкі істер органдары бұл құқықтарды қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.07.10 N 283, 1998.12.09 N 307, 2001.07.16 N 244, 2002.08.09 N 346, 2003.06.10 N 433, 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2004.12.29 N 25, 2004.12.29 N 26, 2008.07.05 N 63-IV, 2009.08.28 N 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.04.02 N 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 N 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 N 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Ішкі істер органдарының құқықтары

1. Ішкі істер органдарының осыған уәкілдік берілген лауазымды адамдар арқылы жүктелген міндеттерді атқару үшін өз құзыреті шегінде:

1) азаматтардан қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды талап етуге, құқыққа қарсы іс-қимылдар мен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқығы бар. Бұл талаптар орындалмаған жағдайларда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға ;

2) қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылық жасаған деп сезіктелген жағдайда азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген белгіленген ережелердің сақталуын тексеруге қажетті басқа құжаттарды тексеруге;

3) кез-келген жасалған немесе әзірленіп жатқан құқыққа қарсы қол сұғу, соның ішінде олардың қарауына жатпайтындар туралы арыздар мен хабарларды қарауға, оларды тіркеуге, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамдық қауіпті зардаптарға жол бермеу жөнінде нақтылы шаралар қолдануға;

4) қылмыстарды анықтау, тыю, ашу және тергеу кезінде басқа органдарға, ұйымдар мен лауазымды тұлғаларға атқарылуы міндетті тапсырмалар беруге;

5) азаматтарды іс жүргізудегі материалдар мен қылмыстық істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсініктемелер, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, жауап алуға, сондай-ақ шақырғанда келуден дәлелді себепсіз жалтарған адамдарды мәжбүрлеп алып келуге;

6) осы қызметті реттейтін заңдарға сәйкес әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыруға; хаттамалар жасауға, әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, тәртіп бұзушыларды жеткізуге, әкімшілік ұстауды жүргізуге, кісінің жеке басын тексеруге, сондай-ақ заттары мен құжаттарын тексеруге және алып қоюға;

7) құқық бұзған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери полиция жасақтарының бастықтарына, әскер бөлімдерінің командирлеріне немесе жергілікті әскери басқару органдарының бастықтарына беруге;

8) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстауға құқығы бар.

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

8-1) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;

9) әкімшілік қамауға алынған адамдарды ұстауға;

10) тексеру материалдары, әкімшілік және қылмыстық істер бойынша Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес қажетті зерттеулер жүргізуге;

11) қозғалған қылмыстық істер жөнінде мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда ақпарат пен материалдарды кедергісіз және өтеусіз алуға;

12) заңдарда көзделген жағдайларда белгілі тұрғылықты орны, құжаттары жоқ адамдарды олардың жеке басын куәландыру және кейіннен тиісті органдар мен мекемелерге (көші-қон, медицина, әлеуметтік және өзге де) беру мақсатында соттың санкциясымен отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұстауға және қабылдау-бөлу орындарында отырғызуға;

13) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген не айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды - олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққанға дейін ұстауға;

14) заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін және жедел іздестіру шараларын жүргізуге, оларды жүргізуге мамандарды тартуға, дерек мәліметтерді жинау және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар. Бұл ретте мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер, сондай-ақ адамдардың жеке өмірі, жеке басы мен отбасының құпиясы туралы мәліметтер жария етілуге тиіс емес;

15) қамауға алынған, қылмыс жасады деген сезікпен ұсталған, қылмыс жасады деп айып тағылған, әкімшілік қамауға алынғандарды, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдарды, олардың жеке басын анықтау мүмкін болмаған жағдайда, тіркеуге, фотосуретке түсіруге, дыбысын жазуға, кино және бейнекөрініске түсіруге, дактилоскопия жасауға;

16) құқық тәртібін қорғау жөніндегі міндеттерді шешуді, соның ішінде әкімшілік қадағалауға алынған және ескерту арқылы ықпал жасалуға тиіс адамдарды, әкімшілік құқық бұзған және оларды қайталап жасауы күшейтілген жауаптылыққа әкеліп соғатын адамдарды есепке алуды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алуды, ақпарат жүйелерін құрауға және пайдалануға, есепте тұратын адамдардың мінез-құлқын қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға;

17) әкімшілік құқық бұзу істері жөнінде алдын ала тергеу, анықтама және іс жүргізу барысында ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізуге;

18) адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығын белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге не жеткізуге;

19) құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуға келісім білдірген азаматтармен жария және жария емес негізде ынтымақтастық орнатуға;

20) кідіртуге болмайтын жағдайларда қызмет мақсатында, қай жерде орналасқанына және кімге тиесілі екендігіне қарамастан халықаралық және қалааралық сөйлесуге кеткен шығыстарды өтей отырып, байланыс құралдарын пайдалануға;

21) өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) жазатайым оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлік құралдарын пайдалануға;

22) ішкі істер органдарының қызметін жазып-көрсету, қылмыстың мән-жайларын, сондай-ақ оларды жасаған адамдарды анықтау, тергеуден, анықтаудан, соттан жасырынған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамаудан немесе күзетпен ұстаудан қашқан адамдарды және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестіру үшін және қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде туындаған өзге де жағдайларда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін өтеусіз пайдалануға;

23) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды бақылау жөніндегі заңда көзделген шараларды қолдануға, ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларында және олардың маңындағы аумақтарда режимдік талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға; Ішкі істер министрі белгілеген тәртіппен ішкі істер органдарының уақытша ұстау изоляторларына ерекше жағдайлар режимін енгізуге;

24) азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыс жасаған, әкімшілік құқық бұзған деп сезіктелген адамдардың ізіне түскен кезде не ол жерде қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, сондай-ақ дүлей апаттар, күйреулер, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде азаматтардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтардың тұрғын және басқа жайларына, оларға тиесілі жер учаскелеріне, аумаққа және үй-жайларға (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге және оларды тексеруге хақылы. Азаматтарға тиесілі тұрғын және басқа жайларға басып кірген жағдайлар жайында осыған уәкілдік берілген ішкі істер органдары жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды хабардар етуге;

25) азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарға кіруін шектеуге немесе оған тыйым салуға қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті

қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жедел іздестіру шаралары мен тергеу іс-әрекетін жүргізген кезде оларды белгілі бір орынды босатуға міндеттеуге;

26) жергілікті атқарушы немесе басқа өкілетті мемлекеттік орган өкілінің ұйғаруымен, жиналысты, митингті, демонстрацияны, шеруді, пикетті, оның ұйымдастырушылары аталған шараларды өткізу тәртібі туралы заң талаптарын сақтамаған жағдайда, тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға;

27) қамаудан қашқан адамдарды іздестіруге байланысты шараларды жүргізген кезде өздігінен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

28) карантиндік шаралар жүргізілген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарының уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық парктердің, мемлекеттік қорықтар мен заказниктердің аумақтарына тиісті атқарушы органдар мен лауазымды адамдардың шешімімен бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

29) мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде қызметін бақылауға және орындалуы міндетті ұйғарымдар беруге; автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыстарын, теміржол өткелдерін, қалалық рельстік көлік желілерін, сондай-ақ автотөлік техникасының жаңа үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысуға; жол қозғалысы қауіпсіздігіне, сондай-ақ көшелер мен жолдарды салуға және қалпына келтіруге қатысты ережелердің, нормативтер мен стандарттардың, көлік құралдарының конструкциялары мен жүргізушілер даярлау жөніндегі оқу бағдарламаларының жобаларын келісуге; техникалық жай-күйі жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін көлік құралдарының пайдалануына тыйым салуға; ұйымдардың көлік құралдарының, оларды пайдалануды жалғастыру жол қауіпсіздігіне қатер төнгіссе, ұйғарымдар орындалғанға дейін, желіге шығарылуын тоқтата тұруға;

30) заңдарда белгіленген тәртіппен және реттерде көлік құралдарын тоқтатуға және жүргізушілердің оларды пайдалануға және жүргізуге құқық беретін құжаттарын, жүктер мен оларды тасымалдауға құқық беретін құжаттарын тексеруге; мас адамдарды, көлік құралдарын жүргізуге немесе пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңдарда көзделген басқа да жағдайларда, көлік құралын жүргізуден шеттетуге; заңдарда көзделген негіздер бойынша көлік құралдарын ұстауға және Ішкі істер министрлігі белгілейтін мәжбүрлеу тәртібімен оларды жергілікті атқарушы органдардың шешімімен жасалған арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға уақытша сақтау үшін жеткізуге, сондай-ақ көлік құралдарының жүріс бөліктерін жауып тастауға; көшелер мен жолдарда көліктің және жаяу адамдардың қозғалысын, сондай-ақ оларда жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарды уақытша шектеуге немесе оларға тыйым салуға;

31) қажет болған жағдайларда шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын тексеруде мемлекеттік өрттен қорғау қызметіне жәрдем көрсетуге;

32) төтенше жағдайларда барлық тұрғын, өндірістік және басқа да үй-жайларға бөгетсіз кіруге, сондай-ақ азаматтарды құтқаруға бағытталған өзге де шаралар қолдануға өртке қарсы күрес және апаттан құтқару қызметінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды меншік нысанына қарамастан ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға, қажет болған жағдайда адамдарды, материалдық құндылықтарды қауіпті аймақтан көшіруге өкім жасауға; құтқару жұмыстарын жүргізу және төтенше жағдайларды жою кезеңіне цехтар мен объектілердің жұмысын тоқтатуға;

33) алып тасталды - ҚР 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-1) қылмыс жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды, сондай-ақ сотталған адамдарды және бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу таңдалған адамдарды оқшаулау жағдайында ұстау үшін тергеу жүргізетін уақытша ұстайтын оқшау бөлмелер болуға;

33-2) әуе кемелері ұшуының, сондай-ақ жолаушылар поездарының, теңіз және өзен кемелерінің қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында авиажолаушыларды, поездардың, теңіз және өзен кемелерінің жолаушыларын және олардың теңдеме жүктерін тексеруді, оның ішінде үстеме тексеруді жүзеге асыруға; заңда белгіленген тәртіппен қаруды, оқ-дәрілерді, есірткілерді және алып жүруге тыйым салынған өзге де заттар мен нәрселерді алуға;

33-3) өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, азаматтардың табиғат қорғау және малдәрігерлік заңдардың талаптарын орындауын, ұйымдардың табиғат қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотияға қарсы шаралар жүргізуін бақылауға; ұйымдар әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен бұл талаптардың орындалуына тексеру жүргізуге; қоршаған ортаға қауіп төндіретін тәртіп бұзушылықтар, індеттер мен эпизоотиялар пайда болған кезде ұйымдардың, жекелеген өндірістер мен учаскелердің жұмысын ішінара немесе толық тоқтата тұруға;

33-4) алып тасталды;

33-5) жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтап қою, сақтау және алып жүру, есепке алу, тасымалдау, әкелу, әкету;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалану;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашу және олардың жұмыс істеуі;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидаларын әзірлеуге;

34) мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан ұйымдардан, соның ішінде анықтама мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы органдардан құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу мақсатында кедергісіз әрі өтеусіз және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып ақпарат пен материалдарды алуға;

35) қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған шаралар жөнінде заңды және жеке тұлғаларға орындауға міндетті ұйғарымдар, ұсынулар және ұсыныстар беруге, сондай-ақ созылмалы маскүнемдік, есірткіқұмарлық, уытқұмарлық ауруына шалдыққан, жүйке бұзылуынан зардап шегетін және басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын не қоғамдық тәртіпті бұзатын адамдарды еріксіз емдеу үшін денсаулық сақтау органдарына ұсыныстар мен материалдар жіберуге;

35-1) оралман мәртебесін беру тәртібін, оралманның және оның отбасы мүшелерінің уақытша орналастыру орталықтарында, сондай-ақ оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарында болуының тәртібі мен уақытын айқындауға;

36) заңдарға сәйкес өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыруға;

36-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ халықаралық шарттар негізінде шетелде ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауды, біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыруға;

36-2) ішкі істер органдарының ғылыми ұйымдарында қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғушылықтың алдын алу және жолын кесу саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға;

37) халықтың құқық қорғау бағытында өз бетінше іс-қимыл жасайтын қоғамдық жасақтарының жұмысына жәрдемдесуге;

38) қоғамдық тәртіпті қорғауда, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және құқық бұзушылыққа қарсы күресте көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;

39) алып тасталды - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

39-1) сотталған адамның жеке-психологиялық ерекшеліктеріне зерттеу жүргізуге және түзеу ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданып ықпал етуге;

39-2) сотталған адамдарды түзеу мекемелерінің кәсіпорындарында немесе басқа да ұйымдарда еңбекке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекақы төленбейтін жұмыстарға тартуға;

39-3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің аумағындағы және режимдік талаптар белгіленген оған іргелес аумақтардағы адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына тексеру жүргізуге, азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеруге, сондай-ақ тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін тыйым салынған заттар мен құжаттарды алып қоюға;

39-4) көлік қозғалысын уақытша шектеуге немесе тоқтатуға, азаматтарды қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің аумағына, сондай-ақ оған іргелес аумаққа жібермеуге немесе ерекше жағдайлар режимін енгізу кезінде онда қалуға не ол жерден кетуге міндеттеуге;

39-5) қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған адамдарды қадағалауды және бақылауды қамтамасыз ету мақсатында олар тұратын тұрғын үй-жайларға, оларға тиесілі жер учаскелеріне, оқу немесе жұмыс орны бойынша кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың өндірістік және өзге де үй-жайларына кедергісіз кіруге;

39-6) есепте тұрған адамдарды қылмыстық-атқару инспекциясына алып келуді жүзеге асыруға;

39-7) қылмыстық-атқару қызметіне байланысты мәселелерді шешу үшін соттарға, прокуратураға және өзге де органдар мен ұйымдарға жүгінуге құқылы;

40) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнайы құралдар мен атыс қаруын алып жүру, сақтау және қолдану құқығы беріледі. Олар дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға құқылы. Арнайы құралдарды, атыс қаруы мен дене күшін қолдану тәртібі "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1998.07.10 N 283, 1998.12.09 N 307, 2000.03.29 N 42, 2001.07.16 N 244, 2001.12.06 N 260, 2004.12.29 N 25, 2004.12.29 N 26, 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.05.22 N 255, 2008.07.05 N 63-IV, 2010.04.29 № 272-IV, 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 107-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-1-бап. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру "Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-2-бап. Жоспардан тыс тексерулер

Ескерту. 11-2-бап алынып тасталды - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3 Тарау

Ішкі істер органдарының атыс қаруын, арнайы құралдар мен күш қолдануы

Ескерту. 3-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4 Тарау

Ішкі істер органдарында қызмет өткеру

Ескерту. 4-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5 Тарау

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық жағдайы

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің және өзге де жұмыскерлерінің еңбегін құқықтық реттеу

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Ішкі істер органдарының өзге де жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

21-бап. Ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлау

1. Ішкі істер органдары үшін кадрлар даярлауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын, қайта құрылатын және таратылатын Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдары, сондай-ақ өзге де білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

2. Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін тиісті түрдегі білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес Ішкі істер министрі айқындайды.

22-бап. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Ішкі істер органдарының негізгі міндеттері мен функцияларын атқаратын ішкі істер органдарының лауазымды адамдарына арнаулы атақтар беріледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі істер органдарына жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын лауазымды адамдарға арнаулы атақтарды беруге құқық беретін ішкі істер органдары лауазымдарының тізбесін, сондай-ақ оларға сәйкес шекті арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің өкілеттіктері

1. Ішкі істер органдарының қызметкерлері Республиканың бүкіл аумағында, атқаратын лауазымына және ішкі ведомстволық бағыныстылығына, уақытына

қарамастан, азаматтар мен лауазымды адамдар оларға құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар берген жағдайда не осындай әрекет тікелей анықталған ретте құқық бұзушылықтың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау, көмекке мұқтаждарға жәрдем беру, оқиға болған орынды күзету, сондай-ақ таяу жердегі ішкі істер органын хабардар ету үшін өзіне берілген құқықтарды толығымен пайдалануға міндетті.

2. Учаскелік полиция инспекторы, ішкі істер органы желілік пунктінің бастығы, патрульдік учаскенің бастығы, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскеде немесе аумақта ішкі істер органдарының барлық міндеттерін, оның ішінде ұйымдар үшін әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған міндетті ұсыныстар әзірлей отырып, өз құзырының көлемі мен шегінде атқаруды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

3. Ішкі істер министрлігінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бас мемлекеттік инспектор болып табылады.

4. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-әрекеттері "Заң атымен" деген сөздерді айта отырып жасалады. Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді іс-әрекетті тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына мүлтіксіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

6 Тарау

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау

Ескерту. 6-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 N 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7 Тарау

Ішкі істер органдарын қаржымен және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

33-бап. <*>

Ескерту. 33-бап алып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

34-бап. Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Ішкі істер органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің шарттарын, тәртібі мен нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері үлгілері мен тиесілік нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін нысанды және арнайы киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.18 N 547-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8 Тарау

Қорытынды және өтпелі ережелер

35-бап. <*>

Ескерту. 35-бап алып тасталды - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

36-бап. Ішкі істер органдарының қызметіне прокурорлық қадағалау

Ішкі істер органдарының қызметінде заңдардың дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры мен оған бағынатын прокурорлар жүзеге асырады.

37-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі

Осы Заң 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

38-бап. Осы Заңды іске асыру шаралары

1. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11, 288-құжат; 1992 ж., N 24, 593-құжат, 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1993 ж., N 17, 426-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат) күші жойылған деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бұрын өзі қабылдаған шешімдерді осы Заңға сәйкес келтірсін;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туралы Ережені бекітсін;

3) осы Заңнан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өзінің нормативтік актілерін осы Заңға сәйкес келтірсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

